

2013 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімі және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 3 маусымдағы № 108 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 маусымда № 4146 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұсынымы негізінде, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімі 2013 жылдың 15 мамырға дейін айқындалсын.

2. 2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ө. Ш. Ибрагимовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 25 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл ауданының
ауылшаруашылық бөлімі"

мемлекеттік

мекемесінің бастығы

_____ К. Асқаров

Әкімдіктің
2013 жылғы 3 мамырдағы
№ 108 қаулысына
қосымша

2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Оңтайлы себу мерзімдері
1	Жаздық дәнді дақылдар	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
2	Дәнді–бұршақ тұқымдас дақылдар	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
3	Майлы дақылдар	15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін
4	Картоп	10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
5	Көкөністер	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
6	Жемшөптік дақылдар, бірінші өсу жылдағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін, 1 мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, 2 мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
7	Шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер	1 мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, 2 мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
8	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін